

КҮЛӘШ

Әнмен алған асқаралы биікті,
Сен қазақтың сандуғашы ең сүйікті.
«Іштегі шер айтса тарқар» деген бар,
Жыр тарқатар жүректегі күйікті.

Ел қайғысы, әйел зары, сол әні
Бір заманда күңіrentкен даланы...
Мақтап туған немесе өлген адамды,
Жоқтап, шерді шерткен өлең емес пе?

Туады адам, кездеседі әр жайға,
Өтер, өшер, демес бала «жар қайда?»
Кетсе-дағы Күләш келмес шалғайға,
Болады арқау ән мен жырға, кейінске.

Егілме, дос, жина бойға қуатты,
Бойға жинап әнді, өнерді, ұятты.

I

Көлеңкелі көркем қайың сияқты,
Көлеңке қағып тұр ғой жеке дөңесте!..

Күләш марқұм, сен қара жер тұрғыны,
Қарындастар бас қосты да бір күні,
Орны өзге, туысы бір құрбыны
Әңгіме етіп, түсірді естеп бір еске.

Елдің асыл қызы еді ол, шын ұлы,
Жар етті ғой жалғыз шашы, тұлымы.
Уа, Советтік Қазақстан бұлбұлы,
Әнін алып шыққан биік белеске!

Қияға ұшып, кетер еді жосылып,
Көрген емес не сүрініп, тосылып.
Сорлы ананың жоқтауына қосылып,
Біз жоқтасақ ерсі нәрсе емес те!

II

Ән шырқаса, ерітіп өн бойыңды,
Қозғалтуға көңіл-сезім, ойыңды.
«Әсем сазы неге кенет қойылды?»
Деген азат бола алмадық күдіктен.

Сіңлісі едің Сара менен Майраның,
Олар жоқта солар үшін сайрадың.
Көкірегіңнен табылатын қайдағы үн,
Қаталды да, қайсарды да жібіткен?

Октябрьде «ақ түйесі жарылған»
Туған елің, темір бұғауы алынған,
Заманының сандуғашын сағынған
Кезде саған қарап еді үмітпен!

Сол үмітін ақтау үшін халқыңның,
Шықтың шырқап, қияға өрлеп шалқыдың.
Көтеруге көңілін жас, қартыңның
Саған асқақ, әсем, нәзік үн біткен.

Дарынды едің, жалынды едің, кең едің,
«Бар өмірім халқым үшін!» – деп едің.
Сарп еткен зор қуаты мен өнерін
Сандуғашын жоғалтарын кім күткен?!

Үзеңгілес өнерпаздар бары рас,
Бірақ сені сағынады кәрі, жас.
Қабырғаны қайыстырып, қарындас,
Өкініш сол, өліміңнен түңілткен.

III

Жаңа тарих дәуірінде жас халық,
Жаңа ғана шын өмірі басталып
Тұрған шақта ол кезде жоқ асфальт,
Театрға келдің сазға кідірмей.

Тұңғыш көрдің дулығы шаш Жұматты,
Режиссер талабыңды ұнатты.
Өзі сынап, өзгелерге сынатты,
Барлығынан өте шықтың мүдірмей.

Қалибек пен Иса, Серке, Әміре,
Елубай мен Құрманбек те – бәрі де,
Риза боп жас Күләштің әніне,
Ортаға алған өздерінің бірдей.

Әдемі үн, мінсіз дауыс, әсем саз.
Әрі күшті, әрі нәзік, әрі наз.
Бейне бұлбұл сайрайтұғын келсе жаз,
Сансыз нақыш қалы кілем түріндей.

Ақша маңдай, ажар қандай, бой қандай
Саусақтары сымға тартып қойғандай.

Келбетіне бір қараған - тойғандай,
Үлбірейді-ау Алматының гүліндей!

Дөңгелек жүз, керме иық, сүмбіл шаш.
Әнші қыздың аты жұртқа болды паш.
«Қыз Жібекті ойнайды екен сол Күләш!»
Деген хабар шыға келді дүрілдей...

IV

Москва. Үлкен театрда көп халық,
Самаладай тізілген шам жап-жарық,
Қанатына сенген сұңқар шығарлық,
Ярустары Алатаудың құзындай.

Іргелері кең, елестетер даланы,
Келмейтін тең кей қаланың алаңы.
Ақ мәрмәрдан жонған ғажап бағаны,
Ғасыр бойы келе жатқан бұзылмай.

Келер заман ән мен өлең тынбаған,
Неше қайта жиналып жұрт мындаған,
Шаляпинді, Собиновты тыңдаған,
Күләшті де күтті туған қызындай.

Көкшіл берен шымылдығы ашылды,
Қыздар шықты киген қызыл-жасылды.
Еске салып өткен көне ғасырды,
Күңіренді қобыз сарнап ызындай.

Өзіміздің қадірменді Құрманбек –
Бекежан ғой, жолды тосып, қырдан кеп,
«Жібек үшін шыбын жаным құрбан!» – деп,
Асқақтады тасқын өзен суындай.

Алуан түрлі ән естілді күйменен,
Қыз бен жігіт құйындатып билеген.
Көлеңкеде жерге аяғы тимеген,
Кейде қалқып, кейде қаздай жүзіп жай...

Кенет, бір леп дір еткізді жүректі...
Отырған жұрт тына қалып, дүр етті.
Жетпіс батпан люстра дір етті,
Сахнаға шықты Жібек сызылып.

V

Жібек десе – Жібек осы. Күләш, Жібек!
Аппақ жібек орамалы желбіреп,

Көпті көріп, жүрегі елжіреп,
Отыз тісі маржандай боп тізіліп.

Екі қолын кеудесіне салды да,
Екі қадам ілгерірек барды да,
Күткен көптің тағзым етіп алдына
Басын иді жаймен ғана қыз күліп.

Күләш келді, сахнаға кірді сән,
Бұлбұл қонып, құлпырғандай гүлстан...
Зеңгір көкке шырқап шықты күміс әуен,
Кейде асқақ, кейде талып үзіліп.

Сарыарқада шырқағанда Ыбырай,
Деп ойлаған «Гәкку» болар кім бұлай?
Ән асылы қалғаны ғой тым ұнай,
Демін алмай тыңдады жұрт қызығып.

Жібек өлді... Жетім әні шарықтап,
Жұрт үстінде тұрып қалды қалқалап.
Кейде ышқынып, қия құзға барып қап,
Кейде әлсіреп, өңі кетіп, бұзылып.

VI

Ең бақытты сағатыңды білемін:
Тебірендің, алып ұшты жүрегің.
Анаңдай боп әлдиледі Кремль,
Өнерімен асқан қызын даланың.

Қарындасы Амангелді, Жалбырдың,
Қолтығынан ұстап кері Жамбылдың,
Тоқсан жасап, басын шалған сан қырдың,
Астананың басқан Қызыл алаңын.

Қабак түйіп, басыңды иіп келдің сен,
Тағзым етіп, Мавзолейге ендің сен.
Ұлы адамның ақ дидарын көрдің сен,
Ақ дидарын кемеңгердің, даланың!

Жарқыра, міне, қайран нұрлы маңдайы,
Өз табының көсемі, жезтаңдайы.
Айтшы кәне, көп ғасырдың қандайы
Көріп еді жердің мұндай адамын?

Адамзаттың ақ үмітін ақтаған,
Жер бетінің азаттығын жақтаған.
Жымиғандай ажарында сақтаған

Көңіл күйін, өзі орнатқан заманын.

Сен қасында тұрдың жылап, еңгіліп,
Кеткендігін жас қабырғаң сөгіліп –
Сезінгендей ыстық жасың төгіліп, –
Атасына құрметі осы баланың!

VII

Кремльде. Георгиев залы кең.
Танысқанда таңдаулының бәрімен
Құттықтады сені бар жан-тәнімен,
Дәріптеді, мадақтады, мақтады.

Немирович Данченконың өзі де,
Сен туралы сөйлеп тұрған кезінде,
Тебіреніп, жас алды да көзіне,
Деді: «Күләш зор үмітті ақтады!»

Шынында да бақыттың кең құшағы
Тау кіргенде тар көрініп, қысады.
Күләш нәзік нәрестеге ұқсады,
Ауыр тиген ана құшып жатқаны.

Сап еткенде бақыт болған кеше арман,
Қапшықта жоқ-ты сырын шеше алған.
Шаршы топта сайрайтұғын шешен жан,
Өлең тұрсын, айтарға сөз таппады.

Осы кезең, өткен кейбір жай-дағы
Түсті есіне, келді алдына қайдағы.
(Айт, Қанабек, рас па, сен – айғағы)
Тап сол түні Күләш кірпік қақпады.

Қыр қызына мүмкін бе еді ол бұрын?
СССР-дің халық әртісі сол бүгін!
Еңбек Қызыл Туы асыл орденін
Рас, Калинин өз қолымен таққаны!

VIII

Өтіп алып осы бір сын кезеңді,
Шабыттанып кетті Күләш тез енді:
Ән нақышы әсемденді, безенді,
Бұлбұл құстай төкті дауыс өрнекті.

Апалары – Айман, Жібек, Ақжүніс,
Шырқай берді, ала берді мол тыныс.
Кең өрістеп қызу қимыл, зор жұмыс,

Дем берді де кетті үдетіп еңбекті.

Сахнадан, театрдан, қаладан,
Жайылымнан, таудан, шексіз даладан
Тұрды естіліп әнің жаның қалаған,
Радио күнірентті жер-көкті.

Ерігендей суық темір, салқын тас –
Шырқап кетті Татьяна, Алтыншаш.
Барлығына бауыр болды бір Күләш,
Барлығын да Күләш қозғап, тербетті.

Маро даусын естігенде өз елі,
Тасынғандай болды Кура өзені.
Жақынына жаның қалай төзеді?
Грузия елін түгел тебірентті.

Кешегі өткен соғыс өртін жайғанда,
Зеңбіректің гүрсілі ұйқы шайғанда,
Шинель киіп кірді Күләш майданға,
Ерді жебеп, әнмен түйреп жендетті.

IX

Не көрсе де бірге көрген көппенен,
Аулақ еді ашу, кектен, өкпеден.
Мін көрсе жаны ашыған, сөкпеген,
Қиянатқа қарай қия баспаған.

Жүрегі ақ, ашық жүзі жайдары,
Елдің ғана мүддесіне сайрады.
Халқы сүйіп, Парламентке сайлады,
Сонда-дағы лепірмеген, таспаған.

Тұла бойы толып тұрған ән еді,
Періште емес, өзіміздей жан еді.
Біздегі бар мін онда да бар еді,
Бірақ жұртқа жұғымды еді басқадан.

Жар да сүйген, бала көрген, киінген,
Жоққа кейіп, сәл нәрсеге күйінген.
«Сыйласқандар дәм татсын» деп үйімнен,
Қазан асып, шақыратын асқа адам.

Тұңғыш бала туғанында қуанып,
Өзіл айтып, қалжыңдасып қуланып.
Біреулерге «құдағи» боп, «құда» ғып,
Жұрттан бұрын өзі ойын да бастаған.

Жас баладай қызық еді мінезі,
Думандатып отыратын бір өзі.
Бірақ, тіпті, болған емес бір кезі
Бастағанын орындамай тастаған.

X

Кім ұмытар қасиетін ананың:
Баласына туа қалса қара күн,
Тартатұғын зардабын сол жараның,
Аһ ұратын, үзілетін өзегі.

Қызғалдақтай қалай шешек жарғанын,
Жақсы болып, не бола алмай қалғанын.
Бөбегінің өкінішін, арманын,
Қуанышын ана ғана сезеді.

Абыройлы, атақ-даңқы зор болсын,
Бұған қастық ойлағандар қор болсын.
Көп жасасын, ризығы мол болсын, –
Дейді де ана бар бейнетке төзеді.

Міндет емес түнде ұйқысын бөлгені,
Бар тілегі – бала қызық көргені.
Іштен шыққан балапанның өлгені
Тек ананың жан жүрегін езеді.

Қауырсыны қатпай тұрып қыршын жас,
Жазатайым жазым болды Қарлығаш.
Қатты тартты көп қасірет, зар Күләш,
Чио-Чио-санды ойнап жүрген кезі еді.

Балапанын қара жерге қойғаны
Көз алдында, жылап жүріп ойнады.
Өзгені ойнап, өз бөбегін ойлады,
Ол Чио-Чио-сан емес, Күләш өзі еді!

XI

Жаздың басы тамылжыған тамаша,
Айнала шам, көз тұнады қараса.
Түн ортасы, жұрт саябыр, оңаша,
Астанада көтерілді самолет.

Күн шапағы кәміл тарап барады,
Ай еңкейген, жұлдыз діріл қағады.
Шығыста бұлт тұр түнеріп, қабағы –
Теңбілденіп көрінді аспан қара-көк.

Түн құсындай бойы самолет самғады,
Қалалардың, заводтардың шамдары
Басып озып, жолды тосып қалмады,
Жалынғандай деп: «Бізді де ала кет!»

Бейне ақиық келе жатқан қонақтай,
Қона алмаған, мергендер жолатпай,
Барқыт жердің бетінде көк жолақтай
Көрінеді өзен жіптей ғана боп.

Күләш жатыр, бейне ұйқыда келбеті,
Зәулімде темір табыт тербетті.
Енді оған жат өзі өскен жер беті,
Шексіз дала, тау-құз, сай мен сала көп.

Мәңгілікке берік жұмған көздерін,
Көре алмады өз даласын, өз жерін.
Аңғартқандай туған елін кезгенін
Ақырғы рет қоштасуға ғана тек...

XII

Көлбеп жатқан Еділ, Жайық, Оралы,
Мұнартады шыққан сайын жоғары.
Күңіреніп естілгендей болады
Қош айтысқан үні өнерпазына.

Қалды Ырғыз, Торғай, Тобыл өзені,
Тың өлкесі, өз мекені, өз елі.
Көк майсаға бөленген бұл кезі еді,
Берекесі кемімес қыс-жазы да.

Көрінді Есіл, Обаганның жағасы,
Шаңқан жарық Қарағанды қаласы.
Алақанда Орал-Алтай арасы
Ұйып тұрған әдемі өлең сазына.

Масатыдан жасаған деп айтарлық,
Самал соқса түр егіні жайқалып.
Жаңғырығып, әнді айтқандай қайтарып,
Жер астында жатқан асыл қазына.

Ұлан-байтақ қалды Сарыарқасы,
Омырауда алқасындай Балқашы –
Көзге ыстық көлбеу жаға, жар, тасы,
Көтеріле ұшқан үйрек, қазы да.

Бір шолды да Алатаудың заңғарын,
Басып жатқан ежелгі мұз, қарларын,
Аңғартқандай мәңгі өлмес жан барын,
Қонды сұңқар қос қанаты жазыла...

XIII

Қара барқыт көйлек киген күйінде,
Қос бұрымы асулы екі иінде,
Өзі өскен театрдың үйінде
Табытында жатыр әне, сол Күләш...

Ардақтысы елдің даңқын асырған...
Ән иесі аяғына бас ұрған.
Ел аузында ғасырларға ғасырдан
Қала берер, тұрар орны зор Күләш!

Жұлдыздай боп жарқ етті де төбеде,
Тұрақтамай берді ағып жөнеле,
Қалдырды да кейінгіге өнеге,
Тастады да әннен мұра жол Күләш.

Арызқор да, арсыздар да, бұққан да,
Күле кіріп, күңірене шыққан да
Ұялған ба, әлде айыбын ұққан ба,
Қоштасуға саған созды қол, Күләш!

Қарлығашың шақырды ма мамасын?
Соған бола әннің бұзып қаласын,
Ерте емес пе, неге асығып барасың,
Жан дегенде, мейірімі мол Күләш?
Алматының әсем бағы, ағашы
Мұң бүркенді, жерге төнді, қарашы.
Шық емес, жас жапырақтың арасы.
«Бұтағыма, – деп тұр, – бұлбұл қон», Күләш.

Сайра менен Мариямдай бауырың
Келді егіліп, асыл Алатау қырын.
Қырғыз елі бізбен қайғы ауырын
Бірге тартты, естідің бе, шоң Күләш.

Көшелерді халық кернеп, еңіреп.
Күңіреніп тұрды түгел төңірек.
Қасіретің жанға батты бетерек,
Неткен терең тағдыр қазған ор, Күләш?!

Қара киіп, сен түскенде қабірге,
Үзілді өзек, күйреді көп қабырға.

Ешкім ие бола алмады сабырға,
Туған елге мәңгі бақыл бол, Күләш!

*Күләш Байсейітова / Құраст. Аклима Омарова. –
Алматы: «Өнер», 2012. – 171-182 б.*